

Алтай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 69/18-VI "Бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, олардың материалдық-техникалық және үйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 27 қарашадағы № 73/3-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 желтоқсанда № 7936 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2024 жылғы 12 сәуірдегі № 13/17-VIII шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 12.04.2024 № 13/17-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескерпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сакталған.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8- бабының 2- тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алтай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 69/18-VI "Бейбіт жиналыстарды үйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, олардың материалдық-техникалық және үйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7374 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылғы 20 шілдеде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Алтай ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, олардың материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы";

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес келесі редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Алтай ауданының мәслихат хатшысы

Б. Жансейіт

Л. Гречушникова

Алтай

ауданының мәслихатының

2020 жылғы 27 қарашасы

№ 73/3-VI шешіміне қосымша

Алтай ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, олардың материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

1. Осы Алтай ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, олардың материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт және қарусыз жиналып, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер мен пикеттеу өткізу құқығының іске асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Алтай және Серебрянск қалаларында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар болып:

Тәуелсіздік көшесі бойында орналасқан, Алтай қаласының орталық алаңы;

Алтай қаласындағы Спортивная, 77 көшесінде орналасқан, "Горняк" стадионы;

Победа көшесінде орналасқан, Серебрянск қаласының қалалық алаңы анықталсын.

Материалдық-техникалық жабдықтау: жасанды жарық; электр энергиясын қосуға арналған нұктесі; бейнебақылау және бейнежазба камералар. Шекті толу нормасы 100 адамнан аспауы керек.

3. Шерулер мен демонстрациялар маршруты: Алтай қаласы, Алтай қаласының Орталық алаңынан Тәуелсіздік көшесіндегі "Мәдениет орталығы"

мекемесіне дейін. Маршруттың ұзақтығы 1 километрді құрайды: көше бойында көше жарығы, бейнебақылау және бейнежазба камералары бар; Серебрянск қаласы, Тохтаров көшесінен Победа көшесімен қалалық аланға дейін. Маршруттың ұзындығы 500 метрді құрайды: көше бойында көше жарығы бар, бейнебақылау және бейнежазба камералары жоқ.

4. Ұйымдастыруши немесе ұйымдастырушының өкілдері бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде дыбыс-бейне жазу техникасын, сондай-ақ бейне және фототүсірілім жасауға арналған техниканы пайдалануға құқылы.

5. Бейбіт жиналыстарды өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді олардың ұйымдастырушысы немесе ұйымдастырушының өкілдері мен қатысушылары өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен жүзеге асырады.

Бейбіт жиналыстар бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда өткізіледі. Пикеттеуді қоспағанда, өзге орындарда бейбіт жиналыстар өткізуге тыйым салынады.

Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір жүргү маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқындайды.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-ден ерте бастауға және сағат 20.00-ден кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір уақытта дәл сол бір объектіде екі және одан да көп пикет өткізуге жол берілмейді.

Пикеттеу ұзақтығы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір объектіде күніне 2 сағаттан аспауға тиіс.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 17 және 18-баптарында көзделген жағдайларда жергілікті атқарушы орган өкілінің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің талап етуі бойынша бейбіт жиналыстарға қатысушыларға осындай талапты орындау қажеттігі туралы ақпарат бере отырып, бейбіт жиналыстарды тоқтата тұрады немесе тоқтатады.

6. Бейбіт жиналыс өткізілетін күні ұйымдастырушыларға және оның қатысушыларына Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "

Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңның (бұдан әрі – Заң) 5 және 6-баптарының талаптарын сақтауы қажет.

7. Заңның 9-бабының 5-тармағында көзделген объектілердің іргелес аумақтарынан кемінде 300 метр арақашықтық пикет жүргізуге тыйым салынған шекаралар болып айқындалсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК